

УДК 14(-11):316.334-3:321

## ӘЛ-ФАРАБИ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ-ӘЛЕУМЕТТІК ТЕҢСІЗДІК АЙНАСЫ

Е.М. Құлыншақов

М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қ.

Мақалада орта ғасыр заманындағы ғұлама оқымысты ұлы энциклопедия ғалым философияшы Аристотелі, екінші ұстаз атанған Әбу-Насыр Әл-Фарабидің ғылыми бай мұрасын әрмен қарай жалғастыру біз көтеріп отырған мәселе «Әлеуметтік теңсіздік - қоғам туындысы». Еңбекте халқымыздың осыдан мыңдаған жыл бұрынғы өмір тіршілігі, тұрмысы, мәдениеті, ғылыми-техникасы әлеуметтік жағдайы, әл-ауқаты, экономикалық үрдісі жайлы азды-көпті баяндалады. Соның ішінде қала тұрмысы, қол-өнер, жер байлығы, ел ішіндегі түрлі таптар, топтар, тұрмысы жай сөз болады. Бұлар бірнеше топқа бөлінеді, кедей кешіктер, қамқорлықты қажет ететіндер тағы келесі тобына, әлеуметтік

жағдайы барша жұрттан жоғары тұратындар (қала әкімі, кеңесшісі, әскер басшысы т.б.с.с.). Сол кездегі қала тұрғындарына, әртүрлі әлеуметтік топтарына баға беру арқылы өз көз қарасымызды пайымдамақшымыз /2/.

Қоғамдық өмірдің бір тұтас жүйесінде әлеуметтік қатынастар өзіндік орын алатындығын, оның маңыздылығын ғылыми зерттеушілер, ұлы оқымыстылар көне заманнан байқаса керек. Олар жеке адамдардың ой-түркілері мен іс-әрекеттерінің себепкерін, олардың әлеуметтік топтарға, таптарға сол кездегі, сол қоғамдағы өндіріс деңгейінен, еңбек ұйымдастыру түрлерінен іздестірген.

Антоганистік (қарама-қарсы) қоғамдық экономикалық формацияларда қалыптасқан жеке меншіктік топтардың бірінің үстемдігіне екіншісінің бағыныштылығының әкеліп соғатындығын, айқын көрсете білген.

Кешегі советтік (кеңестік) кеңестікте де совет ғалымдары әлеуметтік мәселеге екі түрлі тұрғыдан қарайтын.

Біріншіден жалпы экономикалық саласы және рухани-идеологиялық қатынастарды, бір тұтас қатынастарға, ұйымға балап, солардың жиынтығын әлеуметтік қатынастар деп кең мағынада көрсететін болатын.

Екіншіден әрбір экономикалық сала, әрбір саяси қатынастар және рухани идеологиялық сала, бір-бірімен тығыз байланысты, бір-біріне бағынышты, мәжбүрлі екендігін, оларды бір-бірінің «қытай жары» (китайская стена) арқылы бөлуге болмайтындығын ескеруіміз керек. Сөйтседе қоғамдық қатынастардың экономикалық, әлеуметтік, саяси, рухани идеологиялық, соның ішінде әлеуметтік қатынастардың өйнегі ғана тән, өзіндік ерекшеліктері барлығын ғылымда мойындап отыр. Басқаша айтқанда әлеуметтік қатынастардың басқа қоғамдық қатынастарға ұқсамайтын, мазмұны да ерекше, мағынасы да бөлек қатынас екендігін басым айтып жүр.

Әлеуметтік әртүрлі мағына береді:

- 1) Қоғамдық деген түсінік, табиғи биологиялық, т.б. құбылыстардан ерекше айырмашылығы деген мағынада;
- 2) Адамның қоғамдағы орны, әлеуметтік ерекшеліктері;
- 3) Бір сөзбен айтқанда теңсіздік деген ұғым береді;
- 4) Адам өмірінің сан қилы мәселелерінің (материалдық, рухани, әл-ауқаты, ғылым-білім мүмкіндігі, қоғамдағы орны, дәрежесі т.б.) жиынтығы.

Әлеуметтік құбылыс латын сөзінен әлеуметтік тегі, шығуы тууы, деген сөз.

Түсініктеме берсек: белгілі-бір дәрежеден екінші бір дәрежеге ауысу деген мағынаны береді. Әрбір қоғамдық процесс белгілі баспалдақтардан тұрады.

Мысалы: Бір қоғамнан екінші қоғамға ауысу, жоспарлы экономикадан нарықты экономикаға ауысу /1/. Арнаулы әдебиетте, әлеуметтану оқулықтарында әлеуметтік құбылыстарды бірнеше ғылыми түрлерге бөліп жүр:

1. Интеграция;
2. Дезинтеграция (керісінше).

Басқаша айтқанда топтасу ажырасу, тұрақтылық уақытшалық ықпалдастық – бәсекелестік деген бір сападан екінші сапаға көшу мағынасын береді.

3. Әлеуметтік құбылыстың үшінші түрі ретінде қайшылықтар ұғымын атап жүр, қайшылықтар әлеуметтік дамудың – негізгі көзі қарама-қарсы қосылыспайтын құбылыстар себептерін зерттеу.

Әлеуметтік құбылыс бар жерде әлеуметтік әрекеттер де орын алады.

Әлеуметтік әрекеттерді бірнеше тұрғыдан түсіндіруге болады: бүкіл қоғам тұрғысынан, белгілі таптар мен топтардың ішкі жіктелу тұрғысынан, түрлі топтастықтардың арасындағы өзара қатынастар; бір белгілі қоғамдық топтар, т.б.

Орыс тіліндегі оқулықтарда олардың үш түрін айтады:

- а) Репродуктивные (аудармасында, қоғамдық бір келкілікті сақтау);
- б) Әлеуметтік теріске шығару – белгілі қоғамдық жүйені жоққа шығару (гөңкеріс, геноцид, сын, т.б.)
- в) Социальное творчество (әлеуметтік жаңару) басқаша айтқанда жаңа қоғамдық қатынастарға, сапаға көшу.

Ұлы ғұлама бабамыз бізге қоғамдық қатынастардың, соның ішінде әлеуметтік саланың ұғымын, анықтамасын қалдыруға ұмытылмаған. Оның ессесіне қоғамдық қайшылықтарды терең талдап, жік-жігімен жіліктен, сүйегін етінен ажыратып «жалаңаштап» қоғамдық теңсіздік пен жікшілдік себептері қайда жатыр, бастауын қайдан

алады, соның шынайы кесікін айнаға түсіріп кеткен іспетті /3/.

Әл-Фараби шығармаларына үңісе түскен сайын, осы бейне суреттеменін көкейтестілігі, Бүгінгі Қазақстан қоғамының өтпелі дәуірінің әлеуметтік ахуалына соншалықты ұқсастығы, егіздің бірі секілді үлкен көрегендік танқаларлық ғылыми жазап дүние.

Әл-Фараби әлеуметтану мұраларымен тереңірек танысу нәтижесінде түйген тұжырымдамамыз: әлеуметтік теңсіздік – қоғам туындысы, ол барлық кезеңге, барлық қоғамға тән құбылыс.

Толық үзінділер алып, талдау жасауға мүмкіндік болмағандықтан, Әл-Фарабидің өз ой-пікірлеріне тікелей сүйене отырып бір-біріне ұқсамайтын он түрлі әлеуметтік жағдайды /ситуация/ қарастыруға ұмтылды.


Олар:

1. Құрмет те – саңқилы дәрежелі;
2. Байлық, рахат – кімнің игілігі: әкімдер мен тұрғындар;
3. Салық және зомбылық-атаққұмар әкім тәсілі;
4. Рушылдық, жікшілік көзі – мүлікте;
5. Мансапқор және атаққұмар қалалар;
6. Денсаулық – ерекше әлеуметтік сала;
7. Емдеуші мен әмірші;
8. Қайырымдылықтың екі түрі;
9. Басқару әрекеттері – мақсатқа жету құралы;
10. Қайырымды қаланың бес түрі.

1 кесте

Қайырымды қала тұрғындарының жіктелуі /Әл-Фараби бойынша/		
Р/с	Түрлері	Қызметі
1	Құрметті адамдар	Даналар мемлекет әкімшілігінің кеңесшілері
2	Дін қызметкерлері	Дінді уағыздайтын ақындар, хатшылар
3	Өлшеуіш есеп-қисапшылар	Геометрлер, астраномдар, дәрігерлер, есепшілер
4	Жауынгерлер	Сарбаздар, күзетшілер, тәртіп сақшылар және қорғаныс ісімен айналысатындар
5	Дәулеттілер	Қалада байлық табатындар, егіншілер, саудагерлер, мал өсірушілер

Әлеуметтік жіктелу (XX-XXI ғасырлар тоғысында)



Сурет.

Әрбір осындай әлеуметтік ситуацияға сәйкесті өзіндік сипаттама берілген. Әл-Фараби бойынша, мысалы: құрметті алсақ, құрметке ие болудың да, құрметтеуші болудың да жолы саңқилы. Ол кейіпкерлердің жүріс-тұрысы, мінез-құлқы да әр алуан келеді. Өйткені, олардың қоғамдағы орны да, тұрмыстық мүмкіндігі де әркелкі мүдделері де мүлдем бөлек. Екінші мысалда: «Байлық, рахат – кімнің игілігі: әкімдер мен тұрғындар! – айдарының өзі-ақ кімнің тұрмыс ахуалы қапай екенін, талдаусыз-ақ жеткізіп

тұрған жоқ па?» /2/.

Аталмыш тақырыпшалар, Әл-Фараби әлеуметтік мұраларының тек кейбір үшқыншдары, тамшылары боп көріңсе де, оның әрқайсысы арнаулы зергтеулік объектісі болары күмән келтірмесе керек. Ал-Фараби ой-пікірлеріне сүйене отырып, ғылыми түсіндірмелер ретінде емес, әдістемелік-тәсілдік бағытта ғана, оқырманнар назарың, әлеуметтік теңсіздік проблемасының ішкі мазмұнына, астарына хақында, қосымша салыстырма кестелер ұсынуды жөн көрдік.

#### Әдебиет

1. Назарбаев Н. Қазақстан – 2030: Барлық Қазақстандықтардың өсіп өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы.- Алматы: Білім, 1998. – 96 б.
2. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттары.- Алматы: Ғылым, 1975. –46-84 б., 187-299 б.
3. Машанов А. Ал-Фараби. Тарихи-деректі.- Алматы: Жазушы.- 245 б.

#### Резюме

В данной статье рассмотрены вопросы дальнейшего развития богатого научного наследия Абу-Насыр Аль-Фараби, а также вопросы «Социальное неравенство - результат общественного развития».

#### Summary

The given article touches upon the development improvement abu-Pasp al-phrases rich scientific heritage that is reflected in the problem «social inequality is the creation of society».